

Мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 275 "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2011 жылғы 30 қарашадағы № 538 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 желтоқсанда № 9-2-198 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 98 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013.01.22 № 98 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңына с ә й к е с м ә с л и х а т Ш Е Ш Т І :

1. Мәслихаттың "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 275 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 9-2-152, 2010 жылғы 5 ақпанда "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің 2-тармағы жойылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрағасы А. Досов

Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лоцинин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық департаменті Рудный қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Ахметов